




РАСУЛ
ҒАМЗАТОВ

Тырналар

РГ



ҒАМІЗАТОВ

Тырналар

РАСУЛ

ЛИРИКА

Орысшадан аударған
Сағи ЖИЕНБАЕВ

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
А л м а т ы — 1981

(Дар)2

Ғ17

Ғамзатов Расул.

Ғ17 Тырналар: Лирика. (Аударған: Сағи Жиенбаев.— Алматы: Жазушы, 1981.— 232 бет.

Бұл жинаққа әйгілі авар ақыны, Социалистік Еңбек Ері, Лениндік сыйлықтың лауреаты, Дағыстанның халық ақыны Расул Ғамзатовтың лирикалық өлеңдері еніп отыр.

(Дар)2

Ғ $\frac{70700-19}{402(05)-81}$ 154—80 4702040000

© Издательство «Жазушы» — 1981

Перевод на казахский язык.

РАСУЛ ҒАМЗАТОВ ЖЫРЛАРЫ

Білмейтін менің жерімді
Алдында өзге халықтың,—
Дағыстан деген елімнің
Шығарып даңқын таныттым!

Айтса, айтқандай. Ұлы Кавказдың бір қойнауында жатқан кішкене елді қазір дүниенің төрт бұрышы түгел біледі.

Дағыстанның халық ақыны, Лениндік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері Расул Ғамзатов жырлары қазақ жұртшылығына да жақсы таныс. «Жарық жұлдыздар», «Менің Дағыстаным» кітаптары әр қазақтың төрінде тұр. «Тау қызы» театр сахнасында қойылды. «Менің атам» бүлдіршіндердің сүйіктісі болды.

Мен Расул өлеңдерін көптен аударып жүрмін. Алғашқы кезде тек өзім үшін ғана аударғанмын. «Ана тілі», «Тырналар», «Жүз қызға ғашық болдым мен», «Камалил Башир» сияқтыларды бір түрлі қызық үшін қазақшалағам. Мен оның бірден дүрілдеп шыққан атағына да қызыққан жоқпын, өлеңдерінің қарапайым, сүйкімділігіне қызықтым.

Шынында Расул жырларынан адамға деген соншалық бір жылылық сезіледі. Әсіресе, жалаңаяқ шалғын кешіп, сағым қуған, құлағында құлын даусы жүрген мына — біздер үшін тіпті жақын. Кейіпкерлерінің мінез-әрекеттері, салдығы мен мәрттігі, қайсарлығы мен қайырымдылығы да айнымай ұқсап тұрады.

Ол бәрін де бүкпесіз, ағынан жарылып айтады. Көпіртіп көп сөйлемейді. Есіп те, бөсіп те кетпейді. Жазу мәнерінен, ұлттық бояуынан, жеңіл әзілінен жүз ақынның жырынан Расул өлеңін бірден айыруға болады.

Туған топырақтың бар маңызын бойына сіңірген Расул екі сөзінің бірінде өз халқының дана қасиеттерін, кесек мінездерін алға тартады. Ылғи да ел мен жерге деген іңкәрлықты жырлайды. Ол бұрынғы аңыздар мен бесіктегі жазуларға дейін қисынын тауып құлпыртып, осы бір перзенттік құштарлықты уағыздайды. Әрі үлкен-кішіге, тұрмыс-тіршілігі әртүрлі адамдарға бірдей ұғымды тілмен, табиғи түрінде шебер жеткізе біледі.

Расул жырларының осындай халықтық қасиеттері, сырт қарағанда, өзге тілге оңай аударылатындай көрінеді. Бірақ, олай емес. Расул — құпиясы көп ақын. Оның жырлары — бір жерде қайнар көзі бар терең көл тәріздес. Ішкі иірімдері, астыртын ағыстары мол. Бер жағы тыныш сияқты көрінгенмен аржағында толқындары тулап жататын сәттері бар. Оның үстіне Расул ой мен сезімді қатар ұстайтын, халық даналығына көбірек арқа сүйейтін ақын. Мұндайда бір сөзді дұрыс қолданбасаң, бір тамырды дәл баспасаң, еңбегіңнің зая кеткені. «Жібекті жүн қылады түте алмаған». Осы сөз тура аудармашыларға айтылғандай. Барша жұрт сүйіп оқитын Расул жырын сөз баққан қазаққа жүдеулетіп әкелсең, ешкім де кешіре қоймас.

Өз басым аудармаға құрметпен қараймын, оны үлкен өнер деп білем. Жыр деген ақынның перзенті. Оны өз перзентіңдей көрмесең, аударып әуреленудің де

керегі жоқ. Қайта өз дүниеңнен гөрі оған көбірек жаның ашыса керек. Өйткені, ол бейтаныс басқа жұртқа перзент болуға бара жатыр...

Расул өлеңдерін аудару арқылы өзім де көп нәрсені көңілге түйгендеймін. Шамам келгенше, әрлі жырды әлсіретпеуге тырыстым. Әрине, дәл өзіндей қайдан болсын, бірақ ақындық намыс деген бар, үлкен суреткердің көлеңкесінде қалғым келмей, жарысып кеткен жерлерім де жоқ емес.

Осы жерде бір жайды айта кеткім келеді. Расулдың кейбір өлеңінің формасын да әдейі сақтадым. Әрі жырдың өзі де соны сұранып тұрғандай көрінді. Осы бір түрді, ырғақты қазақ өлеңі жатырқай қоймас деп те ойлаймын.

Біріер мысал:

«Әкемен,
туған үйменен
Жараспады Әли,
«Жалғыз-ақ, деді, күн көрем»,
Адасқан Әли.
Торғайлар ұшты шырылдап:
«Өкпелеме, Әли!»
Өзен мен тоғай шуылдап:
«Кетпе, деді, Әли»
Жүгірді жел де жалынып:
— Көресің, Әли,
Тауыңнан кетсең, тарығып
Өлесің, Әли!»

Немесе:

«Көрген жоқ-ты Хажымұрат
бүгіліп,
Отыр міне, тауы құлап,
түңіліп.
Қуыс кеуде, қараң қалған
Құр дене,
Хабар да жоқ, қамалғандай
Түрмеге...
...Жанып барам дертке айналған
дауыстан,
Жатыр әне — өрт жайлаған
Дағыстан.
Ештеңеден қорықпаған
елімде
Қазіргідей торықпағам
Өмірде...»

Расул поэзиясы ұшан-теңіз. «Тырналар» аталатын бұл кітапқа оның лирикалық өлеңдері ғана еніп отыр. Әрине, өзімнің оң жамбасыма келеді-ау дегендерін таңдап аудардым. Ол қалай шықты, ендігі төреші өзіңіз, оқушы дос!

Сағи ЖИЕНБАЕВ

ЖҰЛДЫЗ БЕН ЖҰЛДЫЗ ТІЛДЕСЕР



ТЫРНАЛАР

Кейде маған —

қайтпай қалған майданнан

Қайран ерлер — ерте үзілген гүлдердей,

Қабірде емес,

сонау биік заңғарда

Әппақ-әппақ құс боп ұшып жүргендей.

Содан бері қиқу салып, құлшынып,

Бізге қарай келеді ұшып олар да.

Аспан жаққа

үнсіз ғана күрсініп,

Жаутаң-жаутаң етеріміз содан ба?

Келеді ұшып өзге жердің көгімен

Кешкі тұман арасында сабылып,

Келеді ұшып жұбын жазбай тобымен,

Жерде жүрген адамдардай ағылып.

Келеді ұшып көзіне тер тамшылап,

Біреулердің атын атап адамша:

Құдірет-ау, тырналардың даусына

Авар тілі ұқсайтыны қалайша?

Келеді ұшып,

жазбайды бір тобын да,

Бауырларым, жан достарым — ерлерім,

Ортасында құйттай ашық орын бар,
Бәлкім, мәңгі орным шығар ол менің!

Дәм таусылса:

тырнаға еріп бір күнде
Мен де сонау жер түбіне кетермін,
Бар әлемге шырқап авар тілінде
Достарымның атын атап өтермін.

МҰХТАР АҒА

Мұхтар Әуезовке

Көргенмін құрмет-сыйыңды
Қонақ боп, аға, үйіңде,
Бір кезде саған

жырымды
Оқығам авар тілінде.

Түсіндің жанын жырымның,
Қарадың үнсіз асқарға,
«Ұқсайды,— дедің,— тілің
бір
Күңгірлеп жатқан тастарға».

Дедім мен:

«Теңеу жоқ асқан!
Ұқсайды сондай мүсінге.
Өйткені, бұл да о бастан
Жаралған тастың ішінде.

Даусы бар мұнда ежелгі
Таудағы қалың тұманның,
Сарқырап аққан өзеннің,
Шаңқылдап жатқан қыранның».

Тағы да үнсіз тоқталдың...
Өзіңе біткен әдеппен:

«Ұлы ғой Кавказ...— деп қалдың,—
Кеңістік жоқ-ау... тек әттең.

Қалт етсе қолың тағы бір
Қайтсаңшы келіп ағаңа.
Арғымақпенен, бауырым,
Ақсаңшы мынау далада.

Бүркіт сап сағым ішінде,
Қызықпен күнді батырып,
Кавказдың шыңдары үшін деп,
Ішейік қымыз сапырып...»

Оянды шалғын далада
Көкала мұнар шайқаған.
Келдім мен,
бірақ, жан-аға,
Кездеспей қалдық қайтадан.

Алтын күн шығып асқардан,
Бейне бір —
сонау қиялдай...
Барады сүңгіп аспанға
Қолыңнан ұшқан қырандай.

Естідім сол шақ үніңді
Қашаннан таныс сүйкімді:
«Сүйемін, Расул, шыңыңды,
Жыр болып жүзген бұлтыңды!»

Қараймын көкшіл далаға,
Толқимын іштей, ойланам,
«Ұлы ғой Кавказ,
жан-аға,
Өзіңе жету қайда оған!»

БӨЛМЕҢДЕР МЕНІ

Ел аман, тыныш заңғар көк,
Түк те жоқ — көңіл толмайтын,
Қажетсіз маған бақ-дәулет —
Басында жұрттың болмайтын.

Қажетсіз —
бөлек таңың да,
Жайнатсын бәрін шалғайдың
Қажетсіз —
бөлек наның да,
Аңға да бөлек бармаймын.

Көремін бірге елменен,
Керегі қанша әуренің,
Қажетсіз —
бөлек бөлме мен
Жұртта жоқ дәрі-дәрмегің.

Жарысып өлең-сөзбенен,
Жүруші ек бір кез ұландар,

Бөлмеңдер мені өзгеден,
Өзгемен бірге сынаңдар.

Сонау бір жорық-жолдардай
Бөліңдер бірге бәрін де.
Қойыңдар мені ойланбай,
Бауырлар жатқан қабірге.

Жалғыз-ақ, — түнде аймалап,
Жұмар да жұмбай көзімді,
Ешкіммен ортақ болмай-ақ,
Келеді сүйгім өзіңді!

АЙНАЛЫП ЖҮРСЕ

ЖҰМЫР ЖЕР

Сәулені жұттым судай-ақ,
Албырап әрбір ақ таңда.
Жұттым мен жалқын нұр бояп,
Батысқа барып батқанда.

Өлкеде кілең шың-құзды —
Өрлікті жаны ұнатқан.
Жұттым мен әппақ жұлдызды
Мөлдіреп жатқан бұлақтан.

Аспаннан бұлттар мұнартып,
Арқалап келген шалғынға,
Ауаны жұттым құмартып,
Шалқамнан жатып алдым да.

Жұттым мен қарды жолдағы
Жал болып қалған бораннан.
Есімде қазір ол-дағы
Ерніме тимей жоғалған.

Көктемді жұттым,
дүбірлеп,
Шыққанда тауға жұрт қалмай.
Аязды жұттым Сібірде,
Арақты бір-ақ жұтқандай.

Найзағай жұттым бір қанып,
Жаным да бір жай тапқандай.
Бокалдың беті нұрланып,
Шұғыла шашып жатқандай.

Төккенде шыңға күн нұрын,
Жас гүлдер бүршік жарғанда,
Жұпарын қанша сімірдім
Жап-жасыл қойнау аңғарда.

Жер көркін жұттым қызығып,
Қалған жоқ ол да мақталмай,
Әнді де жұттым, қызынып,
Әннің бір өзін айтқандай.

Қуансам қатар-құрбыммен,
Бозаны бойға тараттым.
Қайғырсам егер бір күн мен,
Ащысын жұттым арақтың.

Бос ермек үшін мен мүлде
Ішпедім оның ешбірін:
Хиросиманы көрдім де,
Фестиваль әнін естідім.

Сыраның селдір көбігін
Төккендей жерге бір үріп,
Өзі де мөлдір өмірдің
Тұнығын жұттым сіміріп.

МАЗМҰНЫ

Расул Ғамзатов жырлары	5
----------------------------------	---

Жұлдыз бен жұлдыз тілдесер

Тырналар	11
Мұхтар аға	13
Бөлмеңдер мені	15
Айналып жүрсе жұмыр жер	17
«Сонау алыс»	20
Тау қыраттары	21
Анама	24
Максоб көпірі жанында	26
Ана тілі	28
«Күншілдердің»	31
«Тағы да бір»	32
«Ұмытылмас»	33
«Муи әндері» циклынан	34
1. Бубенім менің	—
2. Таулықтар егер сөз берсе	35
3. Шалғындағы гүл солды	36
4. Ән	37
«Түсімде»	38
Самед Вургунның үйіне кіргенде	39
Қош, Стамбул	40
Сауыншы сөзі	42
Теңіздегі қала	46
Менің елім жайында	48

«Ұнатам»	51
Сары жапырақтар	53
«Мен де өмірде»	54
Цада бейіті	55
Сапарға шыққанда	57
Көз жасы	58
Қолыңда менің өмірім	59
Менің Дағыстаным	60
Болгар дәптерінен	62
1. Жетеді қолым аспанға	—
2. Болгария, жыр болып кір кеудеме	63
3. Болгария розасы	64
4. София, сені сүйем мен	65
5. Үлкен ел	66
«Жұлқынып»	69
«Жұмыс та бар»	70
«Сапарға шыққан»	71
«Сенсіз дүние»	73
Қадірлеңдер достарды	74
Қонағым болсаң	76
Тозақ	77
Құпия сыр	80
Махаббатым	82
«Келемін сақтап»	83
Хажымұраттың оралуы	85
Кәрзеңке	88
Нәдір-шахтың қылышы мен Омар һайям рубайы	90
Таудан безген Әли	92
Хажымұраттың басы	95

Гүлдердің көзі бар	96
Еркек пе сол да?	98
Ұрпақтар анты	100
Таулықтардың үш тілегі	103
«Мазалайды»	104
Сынған бұтақ	106

Қосалқа

«Елім жайлы»	109
«Мұншалықты»	110
«Бақыт»	—
«Көргенім жоқ»	111
«Зар болып»	—
«Кеше ғана»	112
«Көп естідім»	—
«Бурыл тартқан»	113
«Оқ пен орден»	—
«Менің махаббатым да»	114
«Тау ұлымын»	—
«Той дегенде»	115
«Тау шыңдары»	116
«Басыбайлы»	—
«Ошақтағы от»	117
«Кездестім»	—
«Имамдыққа»	118
«Бұл өмірде»	—
«Кітаптарым»	119
«Бітті дастан»	—

«Журнал бүгін»	120
«Ақсақ па әлде»	—
«Ей, жолаушы»	—

Жүз қызға ғашық болдым мен

Егер саған іңкәр болып мың жігіт	123
Жүз қызға ғашық болдым мен	124
«Көпті көрген»	128
Ахвахта	129
Хатыңа жауап	133
Сұлу қыздар	135
Сен тауға кеткенде	138
Сонау бір үйде	140
«Тоңдың ғой, сәулем»	141
«Қорқамын»	142
«Жылдар жылжып»	143
Камалил Башир	144
Үш ару	147
Махмұдтың өсиеті	148
Долалай	152
Жайдан жай нәрсе болмайды мүлде	153
Орманшының қызы	156
Тау баласы	158
Сені сүйген көңілім	161
Сенің көзің	162
Біздің атымыз	163
«Сөндірем қайтіп»	164
«Үш жұлдыз»	166

Қызға барарда	168
Махаббат туралы	171
«Жылмен бірге»	174

Тауда менің жүрегім

Ауылдан келген хабар (поэма)	177
Тауда менің жүрегім	194
Менің атам	198
Толғаныс	209
Удай бал	218

Расул Гамзатов
Серия «Родные голоса»

ЖУРАВЛИ

Лирика

На казахском языке

Перевод с русского
Саги Жиенбаева.

Редактор З. Абдешев.
Художник Б. Машрапов.
Худ. редактор Л. Тетенко.
Техн. редактор Н. Галицкая.
Корректор Н. Измаилова.

ИБ № 1402

Сдано в набор 21.08.80. Подписано к печати 27.01.81. Формат 60X90/32. Бумага иллюстрационная. Журнально-рубленая гарнитура. Печать офсетная. Печ. л. 7,25. Усл. п. л. 7,25. Уч.-изд. л. 6,8. Тираж 7000 экз. Заказ № 1098. Цена 85 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, 480046, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046 г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

Фотонабор

85 т.

